

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 25 ақпандағы N 198 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 9 желтоқсандағы N 1221 Қаулысы
Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Заттай нысанда роялти төлеу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 25 ақпандағы N 198 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) мәтінде "ҚазМұнайГаз" сауда үйі" ЖШС" деген сөздер "ҚазМұнайГаз" сауда үйі" АҚ" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 1 - тармақта:

1) тармақшаның екінші абзацындағы "жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің" деген сөздер "акционерлік қоғамының" деген сөздермен ауыстырылсын;
мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) "ҚазМұнайГаз" сауда үйі" АҚ-пен Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес көмірсутегі шикізатының осы көлемін кейіннен тасымалдау және сату үшін жер қойнауын пайдаланушылардан Қазақстан Республикасының заңнамасына және жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттарға сәйкес роялтимен есеп айырысу кезінде жер қойнауын пайдаланушылар қолданатын бағалар бойынша заттай түрде роялти төлеу есебіне шикі мұнай түрінде көмірсутегі шикізатының көлемін алу жөнінде тапсырма шарты жазылсын;"

3) 2-тармақтың 1) тармақшасы "және осы тапсырмаға сәйкес құжаттарды ресімдесін;" деген сөздермен толықтырылсын;

4) 3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары А.С.Есімовке жүктелсін.";

5) 4-тармақтағы "2005" деген сандар "2008" деген сандармен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі